# Егемен Қазақстан

Жалпыұлттық республикалық газет • 1919 жылғы 17 желтоқсаннан шыға бастады

№127 (24085).
8 МАУСЫМ
СӘРСЕНБІ
2005 ЖЫЛ


**Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ:**

*Біздің басымдықтарымыз өзгеріссіз күйінде қалады. Бұл — XXI ғасырдың сынақтарына қарсы тұруға қабілетті әрі ұзақ мерзімді ұлттық мүдделерді қамтамасыз етуге бағытталған, белсенді, жан-жақты және үйлесімді сыртқы саясат.*

Қазақстан халқына Жолдаудан.

# СЫРТҚЫ САЯСАТ СТРАТЕГИЯСЫ САРАЛАНДЫ

## Кеше Елбасы Сыртқы істер министрлігінің кеңейтілген алқа мәжілісінде дипломатиялық корпустың бес жылдық жұмысын қорытып, жаңа міндеттерін белгіледі

**Мәжілісті ашқан Сыртқы істер министрі Қасымжомарт Тоқаев бұл жолғы басқосудың Есіллің сол жағалауындағы заман талабына сай салынған жаңа ғимаратта өтіп отырғандығына тоқтала келе, осы үшін Елбасыға алғысын білдірді. Сондай-ақ ол үстіміздегі жылдың 18 мамырында Мемлекет басшысы қол қойған еліміздің сыртқы саясат тұжырымдамасын жүзеге асыру мәселесіне тоқталды. Елбасының Қазақстан халқына Жолдауын насихаттауға сыртқы саясат ведомствосы да белсене қатысқандығын, халықаралық қауымдастық Жолдауды жылы қабылдап, Қазақстанның саяси және әлеуметтік саладағы жетістіктерін жоғары бағалағандығын атап көрсетті.**

Кеңейтілген мәжілісте Мемлекет басшысы **Нұрсұлтан Назарбаев** сөз сөйлеп, кең дүние дидарында қазіргі жүріп жаткан өзгерістерге, соған сәйкес сыртқы саясат саласындағы міндеттерге тоқталды.

— Біз бүтінге дейін жаңа ғасырдың қауіп-қатерлеріне қарсы тұруға қабілетті әрі ұзақ мерзімді ұлттық мүдделерді қамтамасыз етуге бағытталған үйлесімді сыртқы саясатымызды орнықтырдық, — деп бастады Президент сөзін. — Әлемде дәстүрлі емес қатерлер мен талаптардың қара бұлты төне бастаған қазіргі тұста мемлекеттің дипломатиялық қызметінің күн тәртібінде тұрған өзекті мәселелерді талқылап отырудың маңызды екендігі белгілі. Уақыт өткен сайын ланкестік пен экстремизмнің қатерлі күші дүние жүзінде етек ала түсуде. Ланкес топтар қызметінің күшеюі халықаралық қауіпсіздікке қатер төндіруде.

Елбасы осылай дей келіп, дүние жүзі мемлекеттері арасындағы әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің алшақтығы айқын байқалып, кедейшілік пен аурукеселдер кең тарала бастағанын атап көрсетті. Қоршаған орта жағдайының құлдырауы, өркениеттер мен діндер арасындағы дүрдараздықтар, халықаралық проблемаларды шешуде күш көрсету тәсілдерін қолданудың көбеюі әлемдік тарихта экстремистік бағыттың тамыр жаюына әкеліп соғу үстінде.

Бүтінде әлемнің 40 елінде қарулы қақтығыстар жалғасуда. 25 миллион босқын ресми тіркелген. Жыл сайын жер шарында 14 миллион адам, оның ішінде 6 миллион сәби аштықтан көз жұмады.

Жаһандық қарусыздану және жаппай қырып-жоятын қаруларды таратпау процесіндегі дағдарысқа байланысты халықаралық ахуал ушығa түсті. Ядролық қаруды таратпау туралы шартта көрсетілген міндеттердің жүзеге асырылмауы салдарынан осы қару түрінің таралу жолдарына тосқауыл қойылмай келеді. Таяуда Нью-Йоркте өткен Ядролық қаруды таратпау жөніндегі шарттың шолу конференциясында қорытынды құжаттың қабылданбауы осыны айғақтайды. Жаппай қырып-жоятын қарудың ланкестер қолына түсу қаупі күшейді.

Қазақстанның шекаралық аймағындағы ахуал мен тұрақсыздық үлкен алаңдаушылық туғызуда. Ауғанстанда әлі тұрақтылық толық орнай қойған жоқ. Орталық Азия өңіріндегі жағдай да тыныш емес.

Осы ретте Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанның әлемде қуатты экономикасы бар әрі халықаралық қоғамдастықтағы тұғыры берік өңірлік держава ретінде қабылданатынын еске салып, бұл мәртебені кастерлеуіміздің және еліміздің қазіргі әлемдегі беделін нығайту үшін қосымша күш-жігер жұмсаудың қажеттігін атап көрсетті.

— **Қазақстан дамуының сыртқы шарттары ешуақытта жеңіл болып көрген емес.** Мұның сыртында халықаралық оқиғалардың біртіндеп даму сипатына сәйкес біздің еліміз қазіргіден де күрделі сынақтарға тап болуы мүмкін. Барлық дипломаттар осыны нақты ұғынуы тиіс, деп қадап айтты Елбасы.

Иә, жүргізілген белсенді дипломатиялық жұмыстың нәтижесінде Қазақстан халықарлық қатынастар жүйесінен лайықты орын алды. Әлемдік қауымдастық біздің еліміздің дұрыс айқындалған басымдықтары мен алға қойылған міндетті жүзеге асырудағы біржүйелілігін, сыртқы саясаттағы тізгінді тең ұстау бағытын құрметтеп қадір тұтуда. Барлық мүдделі жақтар Қазақстанмен санасатын болды.

Шетелдік саясаткерлер мен экономистер біздің әлеуметтік-экономикалық реформа тәжірибесін тиімді де пайдалы деп табуда. Азаматтық бейбіт өмір мен ұлтаралық келісімнің қазақстандық моделі халықаралық танымалдыққа ие болып, кеңінен мойындалуда. Қазір әлемдік қауымдастықта реформалаудың қазақстандық жолы туралы айтылып жүр.

Бізді сыйлайтын себебі, деді Президент әрі қарай, біз мығым да тұрақты мемлекетті — **күшті экономикасы мен мығым ұстанымы бар өңірлік державаны** құра алдық. Қол жеткізген осы мәртебемізді қадірлеуіміз және оны нығайту үшін барынша күш жұмсауымыз қажет.

Мұнан кейін Мемлекет басшысы қазіргі Қазақстанның әлемдік қоғамдастыққа саяси және экономикалық тұрғыдан толық кіріккендігіне, мұның өзі басымдықтарымызды айқын белгілеп, ұлттық мүддені қорғау мен алға жылжытудың ұзақ мерзімдік стратегиясын жасауды қажет еткендігіне тоқталды. Осыған орай еліміздің дипломатиялық корпусының қатысуымен жүзеге асатын төмендегідей міндеттерді атады.

**Бірінші. 2015 жылға дейінгі Индустриялық-инновациялық даму стратегиясын жүзеге асыру.**

Ол іргелі және қолданбалы зерттеулер саласында, білім беру мен кәсіби кадрларды даярлауда үлкен белсенділікті қажет етеді. Қазіргі замандық білім беру жүйесі мен кеңінен және тереннен ойлай білетін басқарушылар, инженер-технологтарсыз инновациялық экономика құру мүмкін емес. Сондықтан әр жыл сайын 3 мың қабілетті жасты шетелдік оқу орындарына жіберу жөнінде шешім қабылданып отыр.

Стратегияның түпкілікті мақсаты — іргелі зерттеулерді коммерциялық қолдануға жеткізіп, әлемдік рынокта ғылымды қажет ететін, бәсекеге қабілетті өнімдер шығара алатын кәсіпорындар жүйесін құру. Бұл Қазақстанға жаңа технологиялары мен менеджменті бар танымал компанияларды әкелуді міндеттейді. Осы міндетті жүзеге асыруға дипкорпустың тікелей ықпалы қажет.

**Екінші. Қазақстандық жеке капиталдың шетелдегі инвестициялық қызметіне ықпал жасау.** Еліміз компанияларының ТМД мен алыс шет елдер рыногын игере бастауына байланысты Сыртқы істер министрлігі және басқа да мемлекеттік органдардың отандық өндірісшілермен бірлесіп әрекет етуінің тиімді тетіктерін әзірлеп жасау қажет.

**Үшінші. Қазақстанды ақша ағымдарын, инвестициялар, қор рынноктарын реттеудің халықаралық процесіне қосудың тетіктерін қалыптастыру.** Бұл ретте Алматыда құрылатын халықаралық қаржы орталығына банк ұйымдарын тарту жолдарын меңгерудің маңызы зор.

**Төртінші. Еліміздің көлік-транзиттік әлеуетін пайдалану.** Осы мақсатта көлік инфрақұрылымдарын жетілдірумен қатар, транзиттік дәліздің тиімді қызмет етуінің экономикалық, ұйымдық-құқықтық және техникалық шарттарын қалыптасу қажет етіледі.

**Бесінші. Бүкіләлемдік сауда ұйымына кіру.**

**Алтыншы. Елімізде көлемі жағынан осы уақытқа дейін болып көрмеген әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешу бағдарламасы қолға алынды.**

Бюджеттік салалар қызметкерлерінің еңбекақыларын, зейнетақылар мен стипендияларды, мүгедектікке байланысты төленетін жәрдемақыларды көтерудің өзіне ғана мемлекет 1 миллиард долларға жуық қаржы бағыттамақ.

**Жетінші. Саяси реформалардың жалпыұлттық бағдарламасын әзірлеп, жүзеге асыру басталды.**

Демократияны кеңейту және шынайы құқықтық қоғам құру барысында аз шаруа тындырылған жоқ. ЕҚЫҰ талаптарына негұрлым сәйкес келетін сайлау заңы қабылданды. Президенттің жанында тұрақты жұмыс істейтін Демократияландыру және азаматтық қоғам мәселелері жөніндегі ұлттық комиссия құрылды. Мемлекеттік басқаруды орталықсыздандыру жөнінде жұмыс жүргізіліп, Парламент өкілеттігі кеңейтілуде. Сот жүйесін реформалау және азаматтық қоғам институттарын одан әрі дамыту шаралары жүзеге асуда.

Елбасы аталған мәселелер жөнінде айта келіп, **біздің еліміздің халықаралық саясатының негізгі қағидаттары — белсенділік, жан-жақтылық, прагматизм, диалог және көпжақты ынтымақтастық екендігін, сыртқы саясатымыздың басты мақсаты — елдің ұлттық мүддесін қорғау болып табылатындығын** атап көрсетті. Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының орталық рөлін сақтай отырып, проблемаларды ұжымдасып шешу тетіктерін, құқықтың басымдығын және демократияландыруға негізделген халықаралық қатынастар жүйесін құруды жақтайды. Мұндай сыртқы саясат жүйесінің **халықаралық ланкестік пен экстремизмге қарсы тұруға, сондай-ақ өңірлік даулар мен кикілжіңдерді реттеуге байланысты қазіргі замандық өткір проблемаларды** шешудегі практикалық маңызы зор.

Елбасы еліміздің өңірдегі көршілермен және сыртқы әлеммен қарым-қатынас мәселеріне және оның жаңа қырларына тоқталды.

Өңір бойынша **Орталық Азия мемлекеттерінің одағын құру** негұрлым тиімді болып табылады. Мұндай жағдайда өңірдің ішкі мүмкіндіктерін онда тұратын барлық халықтардың игілігіне пайдалануға болар еді. Әрине, осы бойынша көптеген жұмыстарды жүзеге асыру қажет.

Бірінші кезекте өңір бойынша әріптестеріміздің талқылауына ұсыну үшін **Орталық Азия мемлекеттері одағының тұжырымдамасын** әзірлеген жөн болар, деді Елбасы осы мәселеге байланысты. Мұндағы мақсат — көршілерімізбен және жетекші державалармен ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған байланысты нығайта отырып, ел ішіндегі реформаларды жүзеге асыруға қолайлы жағдай тұғызу.

Елбасы еліміздің **Ресей Федерациясымен, Қытай Халық Республикасымен, Америка Құрама Штаттарымен, Еуропалық Одақпен байланыстарына үлкен маңыз берді және бұл байланыстардың нәтижелеріне** тоқталды.

Алматыда өткен Азиядағы өзара ынтымақтастық және сенім шаралары жөніндегі кеңестің (АӨСШК) жалғасын тауып, осы форумға қатысушы 17 елдің министрлерінің Алматыдағы соңғы кездесуінде Сенім шаралары каталогының қабылданғандығын атап өтті. Қазақстанның Азиядағы беделінің нығайғандығын **"Ынтымақтастықтың азиялық диалогы"** секілді маңызды ұйымға шақырылғандығынан байқауға болады. Сондай-ақ еліміздің **Біріккен Ұлттар Ұйымы аясындағы** саясаты да белсенді сипат ала түсті.

Сөзінің соңына таман Мемлекет басшысы **"сыртқы саясат — дипломатияның стратегиясы"** деген ойды білдіріп, **дипломатиялық қызметтің міндеті** — біздің еліміз үшін халықаралық қолайлы жағдай тұғызумен ғана шектелмей, сонымен қатар елдің жедел дамуы үшін сыртқы ресурстарды тиімді пайдалана білудің жолдарын қарастыру екендігін атап көрсетті.

Өткендегі кеңейтілген алқа мәжілісінен бері (2000 жылғы қазан) Қазақстан әлемдік шаруашылық процестеріне ықпалдасу бағытында үлкен қадам жасады. Республика халықаралық қатынастар жүйесінің маңызды және ажырағысыз бөлшегіне айналды. Осыған сәйкес тұтастай алғанда мемлекеттік қызметшілерге қойылатын талап, оның ішінде әсіресе, еліміздің шет жұртқа танытатын дипломатиялық құрамға қойылатын талап айтарлықтай өсті.

Сөзінің соңында Елбасы танымал американдық саясатшы әрі дипломат Генри Киссинджердің: "Сыртқы саясат жоспарларын жасау дегеніміз, егер олар өздерінің нақты орындаушысына тапсырылмаса — боска уақыт жоғалтқанмен бірдей" деген сөзін еске алды. Біздің дипломаттарымыз уақыттың жаһандық деңгейдегі жаңа сынақтарына дұрыс жауап бере алады деген сенімін білдіріп, олардың жауапты да абыройлы қызметіне табыс тіледі.

**Сұңғат ӘЛІПБАЙ,**
**"Егемен Қазақстан".**

Суретті түсіргендер
**С.БОНДАРЕНКО, Б.ОТАРБАЕВ.**

---

● *Жемқорлық — індет, жою — міндет*

# Бюджет қаржысына бүйідей жабысып...

**Александр ТАСБОЛАТОВ,**
**"Егемен Қазақстан".**

Денсаулық сақтау министрлігінің 2003-2004 жылдардағы "Денсаулық сақтау нысандарының құрылысы мен қайта жобалануына арналған облыстық бюджеттік мақсаттағы инвестициялық трансферт" бюджеттік бағдарламасы бойынша бөлінген қаржының пайдаланылу барысы еріксіз бас шайқатады. Республикалық бюджеттің атқарылуы жөніндегі есеп комитетінің жүргізген бақылау қорытындысында Алматы, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан облыстарындағы денсаулық сақтау нысандарының құрылысы мен оны қайта салу, жобалау, мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурстарды өткізу барысындағы және нормативтік-құқықтық актілердегі жіберілген күрделі кемшіліктер анықталды.

Денсаулық сақтау нысандарын салу бойынша мемлекеттік сатып алуды өткізу барысында Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарында мемлекеттік сатып алу заңдылықтары өрескел бұзылған. Мысалға, Жамбыл облысындағы Мойынқұм ауылындағы аудандық аурухананың құрылысы конкурс өткізілместен 195,6 млн. теңгеге сатылған. Оңтүстік Қазақстан облысында денсаулық сақтау нысандарының құрылысына конкурс жүргізген кезде оның тапсырыс бағасы мемлекеттік сараптамадан өткен нысандардың сметалық құнынан да асып, 532,4 млн. теңгеге түскен. Алматы, Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарында атқарылмаған құрылыс-монтаж жұмыстары мен қойылмаған жабдықтар үшін мердігерлерге жоғары мөлшерде ақша төленген.

Жамбыл облысындағы денсаулық сақтау нысандарында атқарылған құрылыс-монтаж жұмыстарының сапасы сын көтермейді. Жамбыл ауданы Аса ауылында пайдаланытуға берілген 60 төсектік перзентхана үйінің шатырын керамзитпен қымтау жұмысы аяқталмаған. Құрылыс технологиясының барысы талапқа сай сақталмаған-дықтан, қабырғаларының іші, сырты ылғалдан көгеріп кеткен. Шатырдың бірнеше түсынан су тамшылайды. Есік жақтауларының сапасы төмен болғандықтан босап, түтелімен ауыстыруды қажет етеді. Ақшаны жымқырудың соңына түскен жандар небір айла тауып әлек. Олар тіпті асханаға сонау 1990-1992 жылдары жасалған, содан бері қолданыста болған жабдықты сатып әкеліп, орнатыпты. Соның өзінде осы ескі заттарды толықтай жеткізуді артық шығын санады ма, әлде ерінгендері ме, әйтеуір, тексеріс кезінде жабдықтың кейбір қажетті дүниелері жоқ болып шықты.

Мұндай көрініс Т.Рысқұлов атындағы Құлан ауылында да орын алған. Ондағы аудандық аурухананың бірінші бөлігінің шатыры дұрыс жабылмағандықтан тамшы ағып, төбесі мен қабырғалары ылғал тартып, кейбір тұстар көгере бастаған. Сарыжас ауданы Саудакент ауылындағы 2004 жылдың желтоқсан айында мемлекеттік комиссия актісімен қабылданған өкпе ауруын емдейтін диспансер кейбір бөліктерінің аяқталмағандығынан және медициналық аппараттармен толық жабдықталмағандықтан әлі күнге пайдалануға берілмеген.

Оңтүстік Қазақстан облысына қарасты Түркістан қаласындағы әйелдер босанатын үйдің қабырғаларына жүргізілген жөндеу жұмыстары талапқа сай атқарылмаған. Сол сияқты, Сарыағаш ауданының Абай ауылындағы аудандық аурухананың тапсырыс берушімен келіспей және сметаны бұза отырып, "Б" блогына бұрын қолданыста болған 12 жабын плиталары пайдаланылған. Ең қауіптісі, подвалдың қабырғасына дейін бұрын пайдаланылған 106 құрастырмалы іргетас қолданылған. Бір ғажабы, бұл жақта бұрын пайдаланылған құрылыс заттары мен медициналық жабдықтарға деген құштарлық керемет. "Сақыр көргенінен жазбайды" дегендей, ескі-құсқы дүниелерді жанамен араластыруға шебер екен. Оңтүстік Қазақстан облысының төрт денсаулық сақтау нысандарының бас жобалаушысы болып табылатын "Южгражданпроект" ААҚ емдеу мекемелерін жобалау барысында оларға деп сонау 70 жылдары шыққан, әбден тозғы жеткен медициналық жабдықтарды қарастырыпты. Тексерушілердің тағы бір байқағаны, денсаулық сақтау нысандарының құрылысына жұмсалатын шығындар көлемі аймақтарға байланысты өзгереді екен. Олай болатын себебі, типтік жобалаулар және жабдықтармен қамтамасыз етудің табелі жоқ.

Есеп комитеті Оңтүстік Қазақстан облысында төлемдердің бюджетке толықтай және уақытылы түсуі, мемлекеттік мекемелер мен ұйымдарға бөлінген қаражаттардың тиімді және мақсатты жұмсалуы барысын сараптай келгенде, әлгі тексерілген 25 ұйымның 20-сы аталған қаражаттың 245,6 млн. теңгесін тиісті мақсатқа жұмсамай, 792,9 млн. теңгесін тиімсіз, ал 95,0 млн. теңгесін дәлелсіз жұмсаған болып шықты. Мемлекеттің қаржысын тиімді пайдалануға атүсті қараған мекемелердің ішінде еліміздегі мүйізі қарағайдай Қорғаныс министрлігінің аты аталуы да көңілге кірбің түсіреді. Ведомство 2003-2004 жылдары әскери бөлімдер үшін үш өрт сөндіру көлігін алған екен. Алса алсын, онда тұрған не бар дейсіз ғой. Бар ғәп әлгі Қорғаныс министрлігі мекемелерінің аталған үш көлікті шығарушы зауыттың өткізу құнынан үш есе асатын бағамен сатып алуында болып тұр емес пе. Бір қызығы, сонда конкурста жеңімпаз атанған Германияның "ЛТД-Лукановски Трейд Консалт ГмбХ" фирмасы Мәскеу облысындағы шығарушы зауыттың "Анықтама-есебіне" сәйкес ресейлік үш "КамАЗ" өрт сөндіру көліктерін 41,9 млн. теңгеге сатып алса, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі оны аталған фирмадан 109,9 млн. теңгеге жоғарғы жасап, қуана алыпты. Міне, өстіп республикалық бюджеттің 69,0 млн. теңгесі негізсіз жұмсалған болып шығады.

Шымкент қаласында орналасқан әуе әскери бөлімінде сонау 2000 жылдан бері инженерлік-аэродром қызметі бойынша 10,6 млн. теңгенің материалдық қаражаты жетіспейтіндігі тіркеліп тұр. Бұған байланысты Қорғаныс министрлігінің тарапынан әлі күнге ешқандай шешім қабылданбай және мемлекетке келтірілген материалдық шығынның орны толтырылмай отырғандығы жанға аяздай батады. Бірақ оған аталған министрліктің шенеуніктері былық етпейтін секілді. Өйткені, Қорғаныс министрлігінің СУ-25 ұшақтары үшін авиациялық тренажерді алу оның бюджеттік бағдарламасының құжатында қарастырылмағаны белгілі. Бірақ, аталған тренажер 350,7 млн. теңгеге алынған және үстіміздегі жылдың 5 сәуірінде жүргізілген тексеру кезінде ол әлі пайдалануға берілмеген болып шықты.

---

## Қызметке тағайындау

Мемлекет басшысының Өкімдерімен:

Қобланды Нұрғалиұлы Мусин — Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқарушысының орынбасары;

Қазақстан Республикасының Таиланд Королдігіндегі Уақытша сенімді өкілі Бақытбек Сейсебайұлы Шабарбаев — Біріккен Ұлттар Ұйымының Азия мен Тынық мұхиты үшін Экономикалық және әлеуметтік комиссиясы (БҰҰ ЭСКАТО, Бангкок қаласы) жанындағы Қазақстан Республикасының Өкілі болып тағайындалды.

---

● *Президент поштасынан*

# "Аллаға күніне мың алғысымды айтамын"

**Президент поштасына келіп түсетін ізгі тілекті хаттар легі еш толастаған емес. Солардың қатарында республикамызды мекендеген түрлі ұлт өкілдерінің Мемлекет басшысының еліміздегі бірлік пен жарасымдылықты орнықтырудағы орасан еңбегіне алғыстарын білдірген хаттарын көптеп кездестіруге болады.**

Елбасына Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Қызыл жұлдыз ауылының тұрғыны, 105 жастағы ана Асли Азалова хат жолдапты. Соғыс өрті лаулап тұрған 1944 жылы Қазақстанға қоныс аударған кейуана зейнет демалысына шыққанға дейін кетпенін қолынан түсірмей, Социалистік Еңбек Ерлері Дариға Жантокова, Мәрзия Ибрагимова, Рүстем Шүпеновтермен бірге қант қызылшасын баптаған екен. Ленин орденімен марапатталған. Өмірлік серігі Михлазим Фейзулов Ұлы Отан соғысында қаза тапқан.

**Құрметті Ел Президенті! Нұрсұлтан балам!** Балам деп хат жолдағаныма айып етпе, дейді 105 жастағы ана. Сонау 1901 жылы өмірге келіп қилы-қилы дәуренді бастан кешірдім. Енді, міне, ұлқыздарым, немере, шөбере-шөпшектерімнің ортасында Аллаға күніне мың алғысымды айтып, еліме, Елбасына саулық, тыныштық, абырой тілеп отырған жайым бар.

Сонау 1944 жылы бізді, түріктерді, өскен мекенімізден жүк вагонына тиеп, қазақ жеріне жеткізгенде мен жасым 40-қа жаңа ілінген көп балалы ананың бірі едім. Сол зобаланды ойласам, қазір де жүрегім сыздайды. Қаншама адам жазықсыз құрбан болды. Біздер, тегіміз бір қазақтардың ортасына келіп сіңісіп кеттік. Бұл бауырларымыздан көрген жақсылығымызды ешнәрсеге теңей алмаймыз, мәңгі ұмытпаймыз. Иншалла, осы жерде өсіп-өндік, түрік болып қайта тудық, көбейдік.

Жамбылдық зейнеткер өзінен тараған ұрпақтың бүгінде жүзден асқанына, соның бәрі бірінші Алланың, екінші қазақ елінің арқасы екеніне шүкіршілік білдіреді.

Асли Азалова Кеңес өкіметі құлап, Қазақстан тәуелсіз мемлекет болып қайта құрылғанда ақпейіл, жаны жомарт, жаңалыққа құмар, мейірбан қазақ бауырларымыз ұлт пен ұлт арасындағы қантөгіске жол бермейтін шығар деп сендік. Екіншіден, Ел басшысы Сізге сендік, алмағайып заманда елдің жүрегіне үміт ұялатқан Сіздің кемел ойларыңыз, нақты жоспарларыңыз, жалынды сөздерінізге сендік, дейді. Қарт ана тәуелсіздіктің басаяғы 14 жылы ішінде еңсеміз көтеріліп, ел болғанымызды мақтан тұтады. Еңбек еткен, алдымен өзінің ақылы мен біліміне, қажыры мен іскерлігіне сүйенген адамның бәрі тұрмысын түзеп алды. Біздер, түріктер, ежелден жер емген, диқаншылықты кәсіп еткен халық едік. Бүгінгі заман сондайлардың бағы ашылған заман болды ғой. Сіздің ә дегеннен ұлтаралық татулықты ту етіп көтергеніңіз өте дұрыс болғанын бүкіл адамзат көріп отыр. Лайым солай бола берсін деп тілейміз, дейді.

Хатының соңында Асли Азалова Елбасының атына: "Алла Сізге зор денсаулық, жігер берсін! Халқымыз, еліміз үшін жасап жатқан ұлы істерінізге табыс тілеймін! Сіз тағы да Президент болып сайланып, ұлы мақсаттарыңызға еліміздің бастай беріңіз деген аналық ақ батамды беремін", деп жүрекжарды ықыласын білдіріпті.

---

**"Егемен Қазақстан" газетіне 2005 жылдың екінші жартысына жазылу жүріп жатыр. Газетке "Қазпоштаның" барлық бөлімшелерінде, жұмыс және оқу орындарында жазылуға болады.**